

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Физикалық география**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Жер эллипсоидының немесе шардың бетін жазықтықта кескіндеудің математикалық әдістері
  - A) көлденең бұрыштарды бұрмалау
  - B) нүктелерді нөлдік бұрмалау
  - C) географиялық координата
  - D) картографиялық проекция
  - E) жер бетінде бағдарлау
  
2. Карта бетіндегі сызықтардың ұзындығының жергілікті жердің көлденең проекциясындағы ұзындығына сәйкес келуі
  - A) географиялық бұрмалану
  - B) географиялық координата
  - C) нүктелерді нөлдік бұрмалау
  - D) топографиялық картаның масштабы
  - E) тақырыптық картаның масштабы
  
3. Климат облыстарының карталары мысал бола алатын карта түрі
  - A) теңіздік
  - B) топографиялық
  - C) синтездік
  - D) шолу
  - E) талдау
  
4. Карталардың масштабына сай жер бетінің қамтылатын аумағындағы географиялық нысандардың негізгілерін таңдап, іріктеп алу
  - A) навигациялық талдау
  - B) сапалық жинақтау
  - C) картографиялық жинақтау
  - D) картографиялық талдау
  - E) туристік бағдарлау
  
5. Белгілі бір жыл мезгілдеріндегі жеке метеорологиялық элементтер көрсетілген климаттық карталар
  - A) талдау карталары
  - B) топографиялық карталар
  - C) навигациялық карталар
  - D) синтездік карталар
  - E) астрономиялық карталар

6. Әлеуметтік-экономикалық тақырыптық карталарға жататын карта топтары
- A) халықтардың тарихи, топонимикалық және нәсілдердің таралу карталары
  - B) халықтардың саяси, топографиялық, физикалық және геодезиялық карталары
  - C) халықтардың таралу, техникалық, мұхиттар және елді мекендер карталары
  - D) халықтардың саяси, топографиялық, топонимикалық және мәдени карталары
  - E) халықтардың саяси, саяси-әкімшілік, экономикалық, тарихи және мәдени карталары
7. Біртекті құбылыстар мен нысандарды, оларды айқындайтын касиеттің санын азайту
- A) геодезиялық жинақтау
  - B) сапалық жинақтау
  - C) сандық жинақтау
  - D) тақырыптық жинақтау
  - E) топографиялық жинақтау
8. Картаның масштабына, мазмұнына, қамтылатын аумақтардың ерекшелігіне сай географиялық нысандарды іріктеп, санын азайту мақсатындағы картографиялық жинақтау
- A) сандық жинақтау
  - B) геодезиялық жинақтау
  - C) тақырыптық жинақтау
  - D) топографиялық жинақтау
  - E) сапалық жинақтау
9. Картографиялық өнімдері
- A) кесте, глобус
  - B) анықтама, көлденең қима-сызба
  - C) глобус, кітап-журнал
  - D) кітап-журнал, кесте
  - E) көлденең қима, сызба, глобус
10. Жіктеу тұрғысынан алғанда арнайы карталардың үш тобы
- A) физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық, техникалық
  - B) синтездік, физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық
  - C) физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық, астрономиялық
  - D) әлеуметтік-экономикалық, техникалық, синтездік
  - E) техникалық, синтездік, физикалық-географиялық

11. Жеке көрсеткіштерді жинақтау нәтижесінде құбылыстардың тұтастығын айқындайтын карталар
- A) тақырыптық
  - B) синтездік
  - C) физикалық
  - D) талдау
  - E) астрономиялық
12. Белгілі аумақтағы статистикалық мағлұматтарды штрих сызықтардың, түсті бояулардың көмегімен көрсететін графиктік бейне
- A) картограмма
  - B) топография
  - C) картография
  - D) топономика
  - E) картодиаграмма
13. Табиғат пен қоғамның құбылыстарын географиялық картамен басқа да картографиялық өнімдерді кескіндеу және оларды құру, пайдалану әдістемелері туралы ғылым
- A) картодиаграмма
  - B) топономика
  - C) топография
  - D) картограмма
  - E) картография
14. Жер бетіндегі болып жатқан табиғи және қоғамдық құбылыстарды бейнелейтін сызба
- A) географиялық карта
  - B) астрономиялық карта
  - C) топономикалық карта
  - D) тарихи ескерткіштер картасы
  - E) картографиялық карта
15. Полюстер арасындағы бір меридиан бойындағы барлық нүктелер үшін белгілі бір мезгілді уақыт
- A) кешендік
  - B) бастапқы
  - C) аудандық
  - D) белдеулік
  - E) жергілікті

16. Жер бетіндегі нүктенің бас меридианнан градус есебімен алғандағы қашықтығы
- A) географиялық қабық
  - B) географиялық белдеу
  - C) географиялық ендік
  - D) географиялық зоналылық
  - E) географиялық бойлық
17. Жер бетіндегі кез келген нүктенің экватордан градус есебімен алғандағы қашықтығы
- A) географиялық ендік
  - B) географиялық бойлық
  - C) географиялық зоналылық
  - D) географиялық қабық
  - E) географиялық белдеу
18. Дүниежүзілік мұхиттың орташа тереңдігі (м)
- A) 875
  - B) 510
  - C) 8848
  - D) 3800
  - E) 149
19. Жердің нақты пішіні мен көлемін анықтайтын ғылымдардың бірі
- A) археология
  - B) геология
  - C) антропология
  - D) биология
  - E) этнология
20. Жердің бетінің ауданы
- A) 361 млн км<sup>2</sup>
  - B) 400 млн км<sup>2</sup>
  - C) 149 млн км<sup>2</sup>
  - D) 108 млн км<sup>2</sup>
  - E) 510 млн км<sup>2</sup>

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән  
Геодезия**

**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Н-05 нивелирдің 1 км екі мәрте жүрісте орташа квадраттық рұқсат етілген қатесі  
А) 5 см  
В) 5 мм  
С) 0,5 см  
D) 0,5 мм  
E) 5 см
  
2. Рейкалар бойынша есептеулер алынатын жіп  
А) жоғары жіп  
В) ортадағы жіп  
С) жоғары және төменгі жіптер  
D) төменгі жіп  
E) вертикаль жіп
  
3. Әр түрлі инженерлік – техникалық жұмыстарда қолданатын нивелирлеудің түрі  
А) геометриялық нивелирлеу  
В) гидростатикалық нивелирлеу  
С) барометрлік нивелирлеу  
D) тригонометриялық нивелирлеу  
E) техникалық нивелирлеу
  
4. Нивелир жүрісінің биіктік қатесін есептелетін формуласы  
А)  $f_h = \sum h_{\text{теор}} - \sum h_{\text{орт}}$   
В)  $f_h = \sum h_{\text{пр}} + \sum h_{\text{теор}}$   
С)  $f_h = H_{\text{бас}} - H_{\text{сон}}$   
D)  $f_h = H_{\text{сон}} - H_{\text{бас}}$   
E)  $f_h = \sum h_{\text{пр}} - \sum h_{\text{теор}}$
  
5. Өзара биіктікті рейка санақтары бойынша горизонталь көздеу сәулесімен анықтайтын нивелирлеу түрі  
А) механикалық  
В) геометриялық  
С) гидростатикалық  
D) тригонометриялық  
E) барометрлік

6. Нивелирлік рейканың төменгі жиегі
- A) өсі
  - B) негізі
  - C) табаны
  - D) башмағы
  - E) өкшесі
7. Құрылғысының ерекшелігіне байланысты нивелирдің түрлері
- A) байланыс, горизонталь
  - B) деңгейлеуіш, компенсатормен
  - C) горизонталь, аралық
  - D) қашықтық, деңгейлік
  - E) дөңестік, компенсатормен
8. Н-3 нивелирінің 1км екі қайтара жүрістегі орташа квадраттық қатесінің мәні  $m$
- A) 2,5 мм
  - B) 3 мм
  - C) 5 мм
  - D) 8 мм
  - E) 1 мм
9. Теңіз деңгейінен (деңгейлік беттен) нивелирдің нысаналау өсіне дейінгі биіктік
- A) нүктенің салыстырмалы биіктігі
  - B) аспаптың горизонты
  - C) нүктенің биіктігі
  - D) нүктенің абсолюттік биіктігі
  - E) өзара биіктік
10. Геометриялық, тригонометриялық, барометрлік, гидростатикалық түрлері бар түсіріс жұмыстар
- A) нивелирлеу әдісі
  - B) жер бедері бейнелеу түрлері
  - C) далалық өлшеулердің түрлері
  - D) сызықтық өлшемдер түрлері
  - E) нивелирлеу түрлері
11. Нивелир аспабы көмегімен орындалатын түсіріс түрлері
- A) тахеометрлік
  - B) мензулалық
  - C) теодолиттік
  - D) нивелирлеу
  - E) стереотопографиялық түсіріс

12. Нүктелердің биіктіктерін анықтауға, сызықтық құрылысты трассалауға, жер бетін нивелирлеуге жататын түрі
- A) барометриялық нивелирлеу
  - B) бөлу жұмыстарының түрі
  - C) тригонометриялық нивелирлеу
  - D) теодолиттік түсіру
  - E) нивелирлеу жұмыстарының түрі
13. Геодезия жер туралы ғылым ретінде, зерттелетін жұмыстар
- A) табиғатты пайдалануды
  - B) жер қыртысындағы үрдістерді
  - C) адамның инженерлік қызметінің сан алуан міндеттерін атқару
  - D) Тек қана жер бетінің пішінін және мөлшерін
  - E) жер бетіндегі өсімдікпен жануарлар әлемін
14. Толқын мен ағынның жоқ кезінде мұхиттардағы судың орта деңгейі мен материктегі мұхитпен жалғасқан шартты түрде алынатын су деңгейінің фигурасы
- A) эллипс
  - B) референц- эллипсоид
  - C) шар
  - D) эллипсоид
  - E) геоид
15. Жер бетіндегі сызықтың горизонталь жазықтықтағы ортогональды проекциясы
- A) горизонталь ұзындық
  - B) горизонтальдар
  - C) арақашықтық
  - D) горизонт
  - E) вертикаль
16. Карталарда, пландарда горизонталь биіктігін анықталатын элемент
- A) өзара биіктігі арқылы
  - B) жатыс сызығы арқылы
  - C) масштаб арқылы
  - D) жер бедерінің өзгерісі арқылы
  - E) жер бедерінің қима биіктігі арқылы

17. Геодезиялық бұрыштардың түрлері
- A) доғал, көлбеу, жазық
  - B) жазық, ойыс, тік
  - C) көлбеу, кіші, тік
  - D) үлкен, кіші, орташа
  - E) көлбеу, вертикаль, горизонталь
18. Бірінші ширекте (СШ) орналасқан нүктенің тік бұрышты координаталарына (X; Y) сәйкес таңбалар
- A) -; +
  - B) -; -
  - C) +; -
  - D) 0; 0
  - E) +; +
19. Екінші ширекте (ОШ) орналасқан нүктенің тік бұрышты координаталарына (X; Y) сәйкес таңбалар
- A) +; +
  - B) +; -
  - C) -; -
  - D) -; +
  - E) 0; 0
20. План мен картада тек қана жергілікті жердегі жағдай бейнеленсе, план мен картанын атауы
- A) қағаз
  - B) топография
  - C) ситуация
  - D) масштаб
  - E) профиль



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. 4 классты триангуляцияда қабырға ұзындығы, бұрышты өлшеудегі орташа квадраттық қателік, базистік қабырғаны өлшеудегі салыстырмалы қателік
- A) 1:10 000
  - B) 1,5"
  - C) 30 км
  - D) 1,0"
  - E) 20 км
  - F) 2,0"
  - G) 1-5 км
  - H) 1:400 000
22. 1 классты триангуляцияда қабырға ұзындығы, бұрышты өлшеудегі орташа квадраттық қателік, базистік қабырғаны өлшеудегі салыстырмалы қателік
- A) 0,7"
  - B) 1:600 000
  - C) 1:200 000
  - D) 40 км
  - E) 1:400 000
  - F) 30 км
  - G) 20-25 км
  - H) 0,5"
23. 1 разрядты триангуляцияда бұрышты өлшеудегі орташа квадраттық қателік, қабырғаларды өлшеудегі салыстырмалы қателік
- A) 1:100 000
  - B) 1:10 000
  - C) 1:50 000
  - D) 5,0"
  - E) 4,0"
  - F) 3,0"
24. 2 классты триангуляцияда қабырға ұзындығы, бұрышты өлшеудегі орташа квадраттық қателік, базистік қабырғаны өлшеудегі салыстырмалы қателік
- A) 1,0"
  - B) 2,0"
  - C) 30 км
  - D) 7-20 км
  - E) 1,5"
  - F) 20 км
  - G) 1:400 000
  - H) 1:300 000

25. 4 классты триангуляцияда қабырға ұзындығы, бұрышты өлшеудегі орташа квадраттық қателік, базистік қабырғаны өлшеудегі салыстырмалы қателік
- A) 5,0"
  - B) 1:100 000
  - C) 10 км
  - D) 1:20 000
  - E) 2-5 км
  - F) 20 км
  - G) 1:200 000
  - H) 2,0"
26. 1:10 000, 1:5 000 масштабтары үшін геодезиялық тірек пункттерінің жиілігі
- A) 10-20 км<sup>2</sup> ға 3 пункт
  - B) 50-60 км<sup>2</sup> ға 1 пункт
  - C) 20-30 км<sup>2</sup> ға 2 пункт
  - D) 50-60 км<sup>2</sup> ға 2 пункт
  - E) 10-20 км<sup>2</sup> ға 2 пункт
  - F) 20-30 км<sup>2</sup> ға 1 пункт
27. 1, 2 және 3 классты полигонометриядағы сызықтарды өлшеудің салыстырмалы орташа квадраттық қателіктері
- A) 1:40 000
  - B) 1:50 000
  - C) 1:500 000
  - D) 1:25 000
  - E) 1:30 000
  - F) 1:250 000
  - G) 1:1 000 000
  - H) 1:20 000
28. 2 классты триангуляция негізгі сипаттамалары
- A)  $m_{\beta}=2,0^2$
  - B)  $m_{\beta}=1,0^2$
  - C)  $S=2-5$  км
  - D)  $S=5-3$  км
  - E)  $f_{\text{доп}}=4,0^2$
  - F)  $S=7-20$  км
  - G)  $m_{\beta}=0,7^2$
  - H)  $f_{\text{доп}}=3,0^2$

29. Координаттық километрлік тор бір километрден бейнеленген топографиялық карталардың масштабы
- A) 1:10 000
  - B) 1:200 000
  - C) 1:500 000, 1:1 000 000
  - D) 1:25 000
  - E) 1:100 000
  - F) 1:100, 1:200
  - G) 1:50 000
  - H) 1:5 000 000, 1:10 000 000
30. Сызықты өлшеу үшін болат өлшеуіш лентаның параметрлері
- A) ені 10-25 мм
  - B) ұзындығы 20-24 м
  - C) қалыңдығы 0,1-0,2 мм
  - D) ені 5- 9 мм
  - E) ұзындығы 20-100 м
  - F) қалыңдығы 0,2-0,44 мм
  - G) ені 15-25 мм
  - H) ұзындығы 5-20 м

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Жер бедерін пландарда, карталарда бейнелеу**

Топографиялық карта мен планның маңызды көрсеткішінің бірі олардың көрнектілігі. Олар мұндай қасиетке карта мен планда ситуацияны және рельефті арнаулы шартты белгілермен бейнелеу арқылы жетеді. Ситуацияға белгілі жердің және жердегі тұрақты заттардың контурларының жиынтығы (орманның, шабындық, сулы жерлердің, жолдың, елді мекендердің және т.б.контурлары) жатады. Рельефке жер бетінің табиғи жағдайда пайда болған кедір-бұдырлардың жиынтығы (тау, алқап, жота және т.б.) жатады. Шартты белгілер масштабты (аудандық), масштабсыз, сызықтық және түсіндірме болып бөлінеді.

31. Шартты белгілер аумақты, үлкен контурлы объектілерді карта мен планның масштабымен бейнелеу үшін қолданылатын жағдайы
- A) сызықтықты
  - B) түсіндірме
  - C) масштабсыз
  - D) ситуациялық
  - E) масштабты
32. Сулы жерлер мен елді мекендердің шекарасы белгіленетін белгі
- A) сызықпен
  - B) жасыл сызықпен
  - C) белгілемейді
  - D) нүктелермен
  - E) қызыл сызықпен
33. Орман, жайылым, сазды жерлердің контурларын белгіленетін белгі
- A) нүктелермен
  - B) жасыл сызықпен
  - C) қызыл сызықпен
  - D) белгіленбейді
  - E) сызықпен

34. Шартты белгілер жер бетіндегі объекттерді сипаттау үшін қолданылатын басты мақсаты
- A) жер бедері
  - B) түсіндірме
  - C) масштаб
  - D) масштабсыз
  - E) сызықтық
35. Шартты белгілермен жердегі заттарды карта немесе планның масштабын бейнелейтін жағдайы
- A) жер бедері
  - B) масштабымен
  - C) түсіндірме
  - D) масштабсыз
  - E) сызықтық

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Геодезия туралы мағлұматтар**

Геодезия-жер туралы ғылымның ежелгі бір саласы. Геодезия грек тілінен аударғанда «жерді бөлемін» деген мағынаны береді, ғылым ретінде жердің бетін өлшеу және бөлуге байланысты адамзаттың тұрмыстық, практикалық қажетінен пайда болған. Қазіргі геодезия көп қырлы ғылым: күрделі ғылыми, ғылыми-техникалық және инженерлік есептерді геодезиялық және басқа арнайы аспаптар арқылы өлшеп, нәтижелерін математикалық және графикалық өңдеу арқылы шешеді.

36. Геодезияда қолданылатын фотограмметрия әдісі \_\_\_\_\_ қажет етеді
- A) графиканы білуді
  - B) өлшеу және есептеуді білуді
  - C) жаңа аспаптарды білуді
  - D) аэросуреттер бойынша план жасай білуді
  - E) түсіруді білуді
37. Жер бетінде құрылыстарды жобалау, салу және пайдалану үшін орындайтын жұмыс түрі
- A) зерттеу жұмыстары
  - B) есептеу жұмыстары
  - C) қолдану жұмыстары
  - D) бейнелеу жұмыстары
  - E) өлшеу жұмыстары
38. Жер бетінің біраз аумағының бейнесін картаға түсіру әдістері мен оларды құрастыру үрдістерін және картаны түріне қарай бөліп, оны жасау мен көбейту технологиясын зерттейтін геодезияның ғылым саласы
- A) фотограмметрия
  - B) топография
  - C) инженерлік геодезия
  - D) математикалық геодезия
  - E) картография

39. Өлшеу кезінде жұмыстың мақсатына байланысты әртүрлі аспаптар қолданылады, өңдеу нәтижесінде жер бетінің планын және картасын алатын ғылым
- A) ғарыштық геодезия
  - B) инженерлік геодезия
  - C) жер үсті геодезиясы
  - D) жоғарғы геодезия
  - E) жер асты геодезиясы
40. Жердің және басқа планеталардың пішіні мен мөлшерін зерттеу кезінде, сонымен қатар, геодезиялық тірек пункттерін құруда кездесетін есептерді шешетін ғылым
- A) су асты геодезиясы
  - B) инженерлік геодезия
  - C) аэрогеодезия
  - D) жоғарғы геодезия
  - E) топография

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***